

ными (тождественными). В результате остывания Вселенной исходная энергия постепенно переходит из кинетической в потенциальную форму. Уже через 1 секунду после Большого взрыва температура упала примерно до 10000 миллионов градусов. Далее происходит процесс дифференциации фундаментального ферми-бозонного поля на отдельные модусы, на каждом циклически устойчивом (т.е. взаимопорождающем) структурном уровне организации которых господствуют определённые формы взаимодействия. Так, например, на ядерном уровне господствует сильное взаимодействие, а на атомном уровне электро-магнитное взаимодействие. Нуклонное ферми-бозонное поле (р,п,мезоны) само себя порождает внутри ядра, т.е. появляется закон сохранения нуклонного числа. Эти законы сохранения нуклонных и лептонных чисел обеспечивает устойчивость

этих физических систем.

1. Дж.Д. Бьеркен, С.Д. Дрелл, *Релятивистская квантовая теория. Т. 1.* – М., 1978.
2. И. Пригожин, И. Стенгерс. *Порядок из хаоса.* – М., 1986.
3. М. Эйген, Р. Винклер. *Игра жизни.* – М., 1979.

Мақалада ғылыми танымдағы «идолдардың» еркшеліктері мен олардың пайда болуының логикалық негіздері қарастырылған. Діни – мифологиялық ұғымдардың қазіргі замандағы энергия және информация терминдері арқылы берілетін интерпретацияларына сын берілген. Ферми – Бозе өрісі ұғымының философиялық негіздемелері талданған.

In article features of "idols" and logic bases of their occurrence are considered.

Б.К. Бейсенов, А.Р. Игисенова

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазақ руханиятының және ұлттық дүниетанымның қайнар бастауларының бірі, бұл – фольклор. Қазақ фольклорының ерекшелігі ұлттық руханиятымыздың асыл қазынасы ретінде айқындалуымен құнды. Көшпелі өркениет пен ұлы далалық дүниетаным, ұлттық әдеп жүйесі, шаруашылық түрі фольклорлық мәліметтер мен деректерде тұтастай көрініс табады. Ұлттық мінез-құлық, ұлттық діл, қазақы ойлау ұстындары фольклор нұсқаларында айшықты көрінеді. Қазақ фольклорының шығуы мен даму тарихы бұл ұлтымыздың рухани болмысы мен тұрмыс-тіршілігімен, әлеуметтік өмірімен, ұлттық қадір-қасиетімен тығыз байланысты екендігі зерттеушілерге белгілі. Қазақ фольклорының мол мұрасы туралы батыс пен шығыстың көрнекті ғалымдары тамсана жаза отырып, халық ауыз әдебиетінің ұрпақтан ұрпаққа берілетіне ерекше тәнті болған олар, қазақтың өнерді, даналықты, сөзді қадірлейтіндігін өз еңбектерінде арқау етті.

Қазақ фольклорының нұсқаларын дінтануға, мәдениеттануға және философияға, әдеп дәстүріне қатысы туралы зерттеулер жүргізу өзекті. Қазақ фольклорының ұлттық дәстүр мен діни құндылықтарға байланысты құрылымдық жүйесін, қызметін айқындау мақсатында зерттеу жүргізу фольклордың рухани әдеуетін толыққанды және кешенді танып білуімізге жол ашады. «Қазақ фольклорының кең мағынадағы

тарихи поэтикасы, құрылымдық, көркемдік жүйесі, жанрларының терең, жан-жақты зерттеулердің нәтижесінде анықталуы, даму эволюциясы, көркемдік формалардың қалыптасу тарихы бойынша атқарған жұмысқа қарағанда, атқарылуға тиістісі әлдеқайда көп» [1].

Ұлттық руханияттың асыл мұрасы халық ауыз әдебиеті, аңыз-әпсаналар, тарихи жырлар, ғашықтық жырлар, батырлар жырлары, тұрмыс-салт жырлары және мақал-мәтелдер болып табылады. Халық ауыз әдебиетінің ең мәнді де маңызды нәрі, рухани құндылықтың мәйегі – мақал-мәтелдер. Қазақ халқы ежелден сөздің және шешендіктің дүниетанымдық және рухани мәніне ерекше көңіл аударған. Халық дүниетанымында мақал-мәтелдер дүниетанымдық, тәлім-тәрбиелік, даналық және рухани имандылық күшке ие болған. Мақал-мәтелдер қазақтың дәстүрлі ойлау мәдениеті мен рухани құндылықтық бағдарларын, тәлім-тәрбиелік тағылымдарының құнды қазынасы болып есептелген. Ата-бабамыздың даналық ой маржандары мен әдептілік нормалары мақал-мәтелдерде көрініс тауып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Қазақ мақал-мәтелдерінің имандылық бастаулары мен тәлімдік әлеуеті адамды мейірімділікке, сабырлыққа, ұстамдылыққа, әділеттілікке, даналыққа, қонақжайлылыққа, яғни, рухани құндылықтарды адам бойында жинақтауға бағыт ұстайды.

Мақал-мәтелдерде негізінен әдеп, тәрбие мәселесіне ерекше көңіл аударылады. Қазақ ауыз әдебиеті тұнып тұрған рухани құндылықтар болып табылады. Мақал-мәтелдер қазақтың рухани болмысын және құндылықтық ұстанымдарын, даналық пен сөз қадірін қастерлейтін қасиетін көрсетеді. Мақал-мәтелдердің рухани және мәдени құндылығы, оның тәлім-тәрбиелік мәнінде жатыр. «Мақал – сөздің мәйегі», «Мақал – сөздің атасы, уәде – ердің опасы», «Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал», «Сөз тапқанға қолға жоқ», «Сөз сүйектен өтеді» деген ой-тұжырымдар халқымыздың ойлы және мәнді сөзге деген құрметін көрсетеді. Сөз бен шешендік өнерді құметтеу бұл халқымыздың асыл қасиеті және ділінің ерекшелігі. Мақал-мәтелдерде халықтың өмірі, тұрмыс тіршілігі, мінез-құлқы, ділі мен діні, салт-дәстүрлері, өмір мәндік ұстанымдары көрініс табады.

Шешендік сайыста, ақындар айтысында ой-пікір таласында мақал-мәтелдерді орнымен сәтті қолдана білу адамның ойлау мәдениетінің тереңдігін көрсетеді. Қазақ мақал-мәтелдері ұлттық руханиятымыздың алтын қоры. Халық шығарамашылығының төлтума туындысы - мақал-мәтелдер ұлтымыздың рухын, тәрбиелік ұлағатын көркем тілмен мағыналы және мәнді оймен, сондай-ақ астарлы сөзбен жеткізеді. Ұлттық руханиятымыз бен халық даналығының қайнар көзі мақал-мәтелдер халқымыздың сан ғасырлық діні мен салт дәстүрлерін рухани құндылықтарын тереңінен танып білуге жол ашады. Мақал-мәтелдер адамды дұрыс сөйлеуге, дұрыс ойлауға, сөздің мән-мағынасын терең ұғынуға үйретеді.

Мақал-мәтелдер – бұл халықтың тарихи санасы, үлгі-өнегесі, өмірлік құндылықтары мен асыл мұраттары. Мақал тағылымды, тәлімді, күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын фалсафалық ой-тұжырымды бейнелейтін сөз маржаны. Ал мәтел болса, адамға өнеге боларлық құндылықты астарлы жеткізетін, терең мағыналы сөз саптау. «Фольклордың басқа түрлері сияқты мақал-мәтелдер – халық оқулығы, өсиеті. Олар жастарды жақсы мінез-құлыққа меңзейді, жамандықтан сақтандырады. Ең алдымен, адамдыққа, қайырымдылыққа, ерлікке, ұйымшылдыққа шақырады, еңбекке баулайды» [2].

Мақал-мәтелдерде айшықталған құндылықтар халқымыздың тарихы мен мәдениетінде маңызды рөл атқарды. Мақал-мәтелдердің мақсаты адамдарды жақсылыққа, мейірімділікке шақырып, жамандықтан, қайырымсыздықтан, қашыруға тәрбиелейтін, тағлымы мол ұлттық құндылық. Мақал-мәтелдердің негізгі мақсаты ұлттық руханиятты ұстану және оны насихаттау.

Мақал-мәтелдер кез-келген халықтың рухани дүниесін және рухани құндылықтарын бейнелеумен қатар, ұлттық діл мен дүниетанымды да айшықтайды. Нақты тарихи әлеуметтік және мәдени құбылыс ретінде көрінетін мақал-мәтелдер халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмірі мен рухани әлемін бейнелейді. Мақал-мәтелдерде халқымыздың сан ғасырлар бойы басынан өткерген тағдыры, тарихы, тағылымы, және келешекке деген арман-аңсары пайымдалады. «Фольклор – халық өмірінің айнасы» [3].

Әрбір халықтың тарихы мен тағдырына лайықты және ділі мен дініне сай ғаламның құрылымын, қоғам мен адам өмірінің мәні мен маңызын, дүниетанымдық, құндылықтық негізде жеткізетін шығармашылық мұралары болады. Халқымыздың ұлттық ойлау ерекшелігі ретінде айқындалған мақал-мәтелдерде ұлтымыздың құндылықтары, соның ішінде діни құндылықтары мен имандылық ұстанымдары да, жан-жақты көрініс береді. Халқымыздың ұстанған діни нанымдары мен діни санасының ерекшеліктері мақал-мәтелдерде халықтың ахлақтық ұстанымдары шынайы түрде бейнеленеді. Мақал-мәтелдерде халықтың өмір салты, салт-дәстүрі, діни сенімі, қасиеттілік-киелілік ұғымдарына қатынасы айқындалады. Мақал-мәтелдер халықтың ұлттық мінезі мен қасиеттерін танытумен қатар, халқымыздың өмір мәндік ұстанымдары мен рухани болмысын айқындайды. Мақал-мәтелдер халықтың тәлімгер, ұстазы ретінде ғасырлар бойы ұлттың діни санасы мен діни мәдениетін айқындаушы қайнар көз ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнде де халықтың рухани құндылығы ретінде қызмет атқаруда. Діни ұғымдар мен түсініктер мақал-мәтелдерде халықтың ділі мен дүниетанымына ыңғайлы түрде айқындалады. Өйткені, діни ұғым-түсініктер әрбір халықтың дүниетанымына және ұлттық ерекшеліктеріне сай көрініс береді. Ислам дінінің құндылықтары мен ахлақтық ұстанымдары ғұрыптық жүйесі, халқымыздың мақал-мәтелдерде ерекше көрініс берген. Халқымыздың діни санасында қалыптасқан рухани құндылықтар, наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар халық дүниетанымының дінге деген өмірлік қағидасын көрсетеді деп тұжырымдауға болады. Мақал-мәтелдердегі діни құндылықтардың мәні мен маңызы адамды имандылыққа және әдептілікке тәрбиелеу, исламның діни құндылықтарын ардақтауға шақыру.

Мақал-мәтелдер халық тарихында айшықталған руханияттың асыл көздерінің бірі діни құндылықтарды танытады. Ғасырлар қойнауынан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан діни құндылықтар сенімдік, ахлақтық және тағылымдық

мұра ретінде көрінген мақал-мәтелдердің құндылығы діни сана мен рухани құндылықтарды бүгінгі ұрпаққа сабақтастықпен жеткізе білуінде.

Мақал-мәтелдерде иман, ислам парыздары мен шарттары, ғибадат, тақуалық, тәубе, дұға, халал мен харам ұғымдары, мұсылманшылық әдептері қарастырылады. Атап айтсақ, халқымыздың «Аллаһдан сұрағанның екі бүйірі шығады, адамнан сұрағанның екі көзі шығады», «Аллаһқа сиынған құстай ұшады, адамға сиынған мұрттай ұшады», «Аллаһ деген ар болмас, Аллаһ деген пенделер, еш нәрсеге зар болмас», «Аллаһ деп барсаң, аман келерсің» деген мақалдарында исламның негізгі ұстанымы құлшылық етудің жалғыз ғана, лайықтысы Аллаһ екендігі айтылады. Исламдағы «Лә иләһә иллАллаһ» кәлимасының шарттары бойынша, бұл кәлиманьы тілмен айтып, жүректе бекітіп және амалмен орындау бұл исламның таухид концепциясы (Бір Аллаһқа деген сенім және жалғыз Оған ғана сыйыну) болып табылады.

«Раббың Өзінен басқа ешкімге құлшылық етпеуді бұйырды» (Исра, 23). «Негізінде нағыз иман келтіргендер – Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтіріп, кейін күмәнданбағандар» (Хужурат, 15). Ислам діні мен ілімі бойынша, күллі адамзаттың діні бұл – таухид діні. Адам атадан бастап барлық пайғамбарлар адамзатқа таухид дінін насихаттаған.

Исламдағы көркем мінезділік ұстанымдары сабырлылық, тақуалық, қанағатшылдық, қонақжайлылық, әділдік, бауырмашылдық, кішіпейілділік, мейірімділік, жомарттық, тәуекелшілдік қасиеттері қазақ мақал-мәтелдерінде ұлықталып, имансыздық, тәкаппарлық, сараңдық, көралмаушылық, нәпсіқұмарлық, өтірік-өсек, ұрлық, екіжүзділік, мақтаншақтық, өзімшілдік, зұлымдық, паракорлық, өсімқорлық, жемқорлық, ата-ананы ренжіту, қиянатшылдық, маскүнемдік, құмар ойындарын ойнау сынды жағымсыз қасиеттер мен мінез-құлықтар ретінде мақал-мәтелдерде айыпталады. «Сабыр түбі – сары алтын», «Сақтаған жетер мұратқа», «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа», «Сабырлы – шыдар, сабырсыз – жанар», «Зорсынғанға Аллаһ бар, сом темірге балға бар», «Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай, батырмын деп баптанба, барып қайтпай», «Мақтаншақтық – өтірік айтқызады, өтірік көңіл қайтқызады», «Ұрлық түбі - қорлық», «Мен меннің тобасы қабыл болмас», «Өзін өзі мақтаған өліммен тең», «Момынның ісін құдай оңдайды», «Мейірімділік – жүректен, мейірімсіздік - білектен», «Кішіпейілділік – кісінің көркі», «Малым жаным садағасы, жаным арымның садағасы», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Ұят – иман белгісі, ұяттыда иман бар»,

«Жақсы сөз – жарым ырыс», «Үмітсіз - шайтан», «Ата тілін алмаған ұлдан без, ана тілін алмаған қыздан без», «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала», «Өнерлі өрге жүзеді», «Әділ би халқы үшін, залым би құлқы үшін», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Халқын алдаған би оңбас, қатыны салақ үй оңбас», «Жақсының жүрген жері – базар, жаманның жүрген – азар», «Жақсынның жаны – жаннат», «Жақсы адам елдің ырысы, жақсы сөз жанның тынысы», «Жақсы арына құл, жаман малына құл», «Аяр адам күншіл, күншіл адам міншіл», т.б.

Ислам құндылықтарының қазақ фольклоры үлгілерінде көрініс табуы бұл руханиятымыздың имани және ділдік әлеуетінің зор күшін білдіреді. Профессор М.Жолдасбеков былай дейді: «Бұл дінді (ислам) біз VIII ғасырдан бері ұстанып келеміз. Оны ата-бабаларымыз өз салтымен, өз дәстүрімен, өз өрнегімен, өз мазмұн-мағынасымен ұстаған. Біз де осыдан ауытқымауымыз керек» [4].

Фольклор нұсқаларындағы рухани имани бастауларды танып білу және оларды болашақ ұрпақтардың ой санасы мен рухани әлемінің киелі ұғымдарына айналдыру арқылы бүгінгі жаһандық идеологияның өткінші құндылықтарына тосқауыл қоя аламыз.

Қазақ фольклорының салтқа қатысты үлгілерінде жарапазан, дін айтысы, жар-жар, жуату, естірту, көңіл айту, жоқтау, дұға, бата, амандасу, қоштасу, көрісу, бәдік, арбау, дуалау, дем салу және т.б. діни ұғым-түсініктер тереңірек көрінеді. Фольклорлық туындылар ұлттық болмысты, дүниетаным мен құндылықтарды ашып көрсетеді. Фольклор бұл ұлттың рухани байлықтарын меңгерудің негізі және халықтық әдептің қайнар көздерінің бірі. Ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды танытатын фольклор үлгілерін дінтанулық негізде қарастыру қазақ руханиятының көкейтесті мәселелерінің бірі екендігі даусыз.

Қазақ мәдениетіндегі бат беру дәстүрі ұлттық рухани мұрамыз. Әдет-ғұрып өлеңі бата – қазақ мұсылмандығы мен діндарлығының айқын көрінісі. Бата ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан рухани мұрамыз. Бата бұл қазақты рухтың және қазақты тәлімнің, ұлттың өмірлік рухани ұстанымды бейнелейді. «Батаменен ер көгерер» деген халқымыз батаға ерекше ықыласпен қараған. Батаны елдің абыройлы, жасы үлкен, көпті көрген қариясы береді. Бата жаңа іс бастарда, сапарға шығарда, дастарханға, жастарға беріледі. Халық дәстүрінде бата тілек маңызды орын алады. Батаны батағой, аузы дуалы қариясы жасайды. Бата берген адамға қадия-сый жасалады. Бата сөзі ұйқасты және мәнді де, мазмұнды, мәнерлі болып келеді. Бата

дұғаның ұлттық дәстүрдегі түрі. Дұға – бұл тілеу, шақыру, сұрау, жалбарыну деген мағынаны береді. Дұға мен бата жасаудың әдептері болады. Бата – Жаратушының көркем есімдерімен басталып, Жаратушыдан сұрайтын тілек түрінде көрінеді. Қазақ дәстүрінде бата адамды пәле-жаладан, түрлі қиындықтардан сақтайды және жақсылықты шақырып, жамандықты қашырады деген ұстаным бар. Бата мұсылман қазақтың рухани жан дүниесін және имани ділдік қасиетін көрсетеді.

Қазақ халқының философиясы көне түркі дәуірінен басталып, бүгінгі күнге дейінгі кезенді қамтиды. Қазақ философиясының тарихын зерттеу бұл халқымыздың тарихын, мәдениетін, ауыз әдебиетін, діни мен ділін, тілін зерттеуді талап етеді. Қазақ философиясының қайнар көзінің бірі ретінде қазақтың жыр-дастандардың зерттеу философиялық мұраларымызды толыққанды танып білуге жол ашады деп санаймыз. Қазақ руханиятының имани-мәдени және ділдік негіздерінің бірі бұл қазақтың жыр-дастандары болып табылады. Қазақ дастандарының рухани-ділдік идеяларының әлеуетті күші оның құндылықтық маңызында жатыр.

Құран-Кәрім және хадис-шәріп құндылықтары, ислам тарихына қатысты деректер діни дастандарда кездеседі. Діни дастандарда Құран аяттары мен хикаяларынан, пайғамбарлардың өмірі мен белгілі діни тұлғалар баяндалып, үлгі аларлық тәлім-тәрбиелік мәні бар мәселелер көтеріледі. Сондықтан да, жыр дастандардың тақырыптары ұлттық рухта жырланып, ұлттық болмысты ашып көрсетті.

Шығыстық сюжеттегі дастандар халық ауыз әдебиетінің бір ажырамас саласына айналып, халықтың рухани құндылығын айқындайтын қайнар көздің бірі болып, ел ішіндегі сүйсіне тыңдалатын асыл қазынаға айналды. Қазақ фольклорын зерттеушілер дастандарды: қаһар-

мандық дастандары; тұрмыс-салт дастандары; діни дастандар; ғашықтық дастандар; хикаялық дастандар; қиял-ғажайыптық дастандар деп бөлінеді.

«Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қыз Жібек» жыры т.б. мұраларымызда рухани құндылықтарымыз бен дүниетанымдық ұғымдарымыз айқындалады.

Дәстүрлі рухани-діни мұрамыз бен тәжірибемізді бүгінгі рухани жаңғыру мен жаңару жолындағы зайырлы мемлекетіміздің өркендеп, дамуының тұғырының бірі – дінаралық келісім мәдениетін жетілдіру жолында тиімді пайдалануымыз керек. Халқымыздың руханиятындағы діни ұғым-түсініктердің мәні мен маңызын және діни-этикалық ұстанымдарын тереңірек түсіну үшін халық ауыз әдебиеті үлгілері мен діни мазмұндағы мұраларымызды заман талабына сай қолдану маңызды болып табылады.

1. Ыбыраев Ш. Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең // Әлем: альманах: Өлеңдер, очерктер, әңгімелер. - Алматы: Жазушы, 1991. - 496 б.

2. Адамбаев Б. Шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер // Қазақ фольклористикасы. - Алматы: Ғылым, 1972. - 297 б.

3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 288 б.

4. М. Жолдасбеков. Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай аламасаң қасіретің. // Егемен Қазақстан. 24 тамыз 2011 ж.

В этой статье рассматривается соотношение национальных традиции и религиозных ценностей.

This article is about interrelation between national traditions and religious values.

Т.Ю. Лифанова

МЕТАФИЗИЧЕСКИЕ ОСНОВАНИЯ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ЗНАНИЯ

Начиная анализ метафизических оснований социального знания необходимо определиться с категориальным аппаратом, рассмотрев во взаимной связи, прежде всего категории общество и история.

К середине 19 века окончательно оформился вопрос о том, что представляет собой общественная жизнь, и какова ее природа, если

определять последнюю, не выходя за рамки самой общественной жизни и исторической реальности. Все это позволяет говорить о формировании социологии как процессе неразрывно связанном с развитием всего комплекса со-циогуманитарных дисциплин. Наиболее существенным следствием формирования этой новой парадигмы социального познания в русле